

## Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 4-3/610 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 қыркүйекте № 12019 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов  
2015 жылғы 28 шілде  
"КЕЛІСІЛГЕН"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев  
2015 жылғы 6 тамыз

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 7 шілдедегі  
№ 4-3/610 бұйрығымен  
бекітілген

## **Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті атқарушы органдар – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары;

2) мақта өңдеу ұйымы – меншік құқығында мақта тазалау зауыты бар, шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөнінде қызметтер көрсететін заңды тұлға;

3) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстары – тұқымдық мақсаттар үшін пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының тұқым материалына қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету үшін құрылған және арналған мақта тұқымының мемлекеттік қорлары;

4) мамандандырылған ұйымдар – "Сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ оларға сыйақы мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1279 қаулысымен айқындалған отандық өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімін және оның терең өңдеу өнімдерін сатып алуды, сондай-ақ оларды сақтау, өңдеу, тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдар.

3. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану жергілікті атқарушы орган мен мамандандырылған ұйымдар арасында мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын сенімгерлік басқару жөніндегі үлгі шартын жасасу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 17 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10111 тіркелген) бекітілген мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мамандандырылған ұйымдар мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруға, сақтауға және пайдалануға байланысты қызмет нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган белгілеген тізбе, нысандар бойынша және мерзімдерде жергілікті атқарушы органға есептілік береді.

## **2. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану тәртібі**

### **1-параграф. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру**

5. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды жергілікті атқарушы орган мамандандырылған ұйымдар арқылы:

1) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен аттестатталған өндірушілерден мақта тұқымын сатып алу;

2) бұрын берілген тұқымдық несиелерді қайтару;

3) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын сатудан түскен қаражатқа аттестатталған өндірушілерден мақта тұқымын сатып алу жолымен жүзеге асырады.

6. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарына жеткізілетін мақтаның сорттық тұқымы Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттарға жатуы, ал сорттық және себу сапалары бойынша мына талаптарға жауап беруі тиіс:

1) элита тұқымы – сорттық тазалықтың бірінші санаты және себу стандартының бірінші сыныбы;

2) бірінші-екінші репродукция тұқымы – сорттық тазалықтың екінші санатынан және себу стандартының екінші сыныбынан төмен емес.

### **2-параграф. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын сақтау**

7. Мақтаның мемлекеттік тұқым ресурстары мақта өңдейтін ұйымдарда бүлінуден, басқа дақылдармен және сорттармен араласып кетуден толық сақтауды қамтамасыз ететін арнайы бөлінген қоймаларда сақталады.

8. Мамандандырылған ұйымдар мен мақта өңдеу ұйымдары мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарының сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз етеді.

9. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын сақтау жөніндегі шығыстар оны өткізуден түскен қаражат есебінен жүзеге асырылады.

10. Мақта өңдеу ұйымдары жергілікті атқарушы органға және мамандандырылған ұйымдарға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын сақтау жөніндегі есепті береді.

### **3-параграф. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын пайдалану**

11. Мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын пайдалануды тұқымдық несие беру және сату, сондай-ақ мақта өңдеу ұйымына мақта тұқымын сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметке төленетін ақы есебінде беру арқылы мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

12. Тұқымдық несиені беру бөлінетін несие құнының 3 пайызын құрайтын мөлшердегі қайтару коэффициентін ескере отырып, қайтарымдылық және коммерциялық негізде жүргізіледі.

13. Тұқымдық несие алу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) мамандандырылған ұйымдарға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымдық несие алуға өтініш, жер учаскесіне құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесін, АШТӨ-нің алатын тұқым несиесін қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуі үшін екінші деңгейдегі банктің кепілдікті шығаруға әзір екендігі туралы ниет-хатын және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдігін тапсырады.

Мамандандырылған ұйымдар тапсырылған құжаттарды он жұмыс күні ішінде қарайды.

Оң шешім қабылданған жағдайда, мамандандырылған ұйымдар шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде АШТӨ-мен шарт жасасады, шартта АШТӨ-ге бір ай ішінде банктік кепілдік тапсыру көзделеді. Банктік кепілдік тапсырылғаннан кейін мамандандырылған ұйымдар оны екі жұмыс күні ішінде қарайды және үш жұмыс күні ішінде тұқымдық несие беру туралы өкім береді.

Теріс шешім қабылданған жағдайда, АШТӨ-ге бас тарту себебі көрсетілген үш жұмыс күні ішінде дәлелді жауап жолданады.

Тұқымдық несиені беруден бас тарту жоғарыда көрсетілген құжаттардың толық болмау себептеріне байланысты болады.

14. Тұқымдық несиені қайтару несие беру шартында көрсетілген мерзімдерде шитті мақтамен, ағымдағы жылғы өнім мақтасының сорттық тұқымымен немесе

мақтаның мемлекеттік тұқым ресурстарын сақтауды жүзеге асыратын мақта өңдеу ұйымдарына жеткізу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Мақта тұқымын сату алдын ала төлем немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдігі бар болған жағдайда жүзеге асырылады. Мақта тұқымын сатып алу кезінде сатып алушылар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған ұйымдарға мақта тұқымын сатып алуға өтінішті және жер учаскесіне құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

16. Мақта тұқымын сақтау мерзімі аяқталған жағдайда, мамандандырылған ұйымдар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айырбастау шарты негізінде мақтаның мемлекеттік тұқым ресурстарын айырбастауды жүзеге асырады.

17. Мамандандырылған ұйымдар жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарының болуы және қозғалысы жөнінде ақпарат береді.

Мақта тұқымының мемлекеттік  
ресурстарын қалыптастыру, сақтау  
және  
пайдалану қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**201 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсандағы мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын сақтау жөніндегі есеп \_\_\_\_\_**

(мақта өңдеу ұйымының атауы)

Р/с №	Дақыл	Сорт	Көлемі (тонна)	Есептік құны (мың теңге)

кестенің жалғасы

Сапалық құрамы және сипаттамасы											
Кондициялық тұқым (тонна)	Санаты			Репродукциясы			Себу стандартының сыныбы			Өнімділігі	Кондицияға жатпайтын тұқым (тонна)
	1	2	3	элита	1	2	1	2	3		

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Ескертпе: тоқсан сайын есептік тоқсан аяқталғаннан кейін 25-күні тапсырылады.

Мақта тұқымының мемлекеттік  
ресурстарын қалыптастыру, сақтау  
және  
пайдалану қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

20\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_\_\_\_

**Тұқымдық несиелену алуға  
өтініш**

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

— Мекенжайы \_\_\_\_\_

— Телефон, факс \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мақта өңдеу кәсіпорнында сақтауда  
(атауы)

тұрған, \_\_\_\_\_ арналған \_\_\_\_\_ тонна көлеміндегі  
(мақсатын көрсету) (жазбаша)

тұқымдық несиені беруіңізді сұраймын.

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл \_\_\_\_\_

— (өтініш берілген күні) (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

Мақта тұқымының мемлекеттік  
ресурстарын қалыптастыру, сақтау  
және  
пайдалану қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

20\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_\_\_\_

**Мақта тұқымын сатып алуға  
өтініш**

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

—

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон, факс \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мақта өңдеу кәсіпорнында сақтауда  
(атауы)

тұрған, \_\_\_\_\_ арналған \_\_\_\_\_ тонна көлеміндегі  
(мақсатын көрсету) (жазбаша)

мақта тұқымын сатуды сұраймын.

\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_

(өтініш берілген күні) (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

Мақта тұқымының мемлекеттік  
ресурстарын қалыптастыру, сақтау  
және  
пайдалану қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

**20\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарының болуы  
және қозғалысы**

Мақта өңдеу ұйымының атауы	20_ жылғы "___" _____ мақта тұқымының болуы	20_ жылғы _____ _____ аралығындағы есепті кезең үшін кіріс	20_ жылғы _____ _____ аралығындағы есепті кезең үшін шығыс	20_ жылғы "___" _____ мақта тұқымының болуы

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Орындаушы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Ескертпе: мамандандырылған ұйым жергілікті атқарушы органға айына бір рет 29-күнге дейін тапсырады.